

**«Арнайы білім беру ұйымының арнайы педагогы» лауазымының бос орнына
орналасуға конкурсқа хабарландыру**

**«Арнаулы ұйымның арнаулы педагогы» лауазымының
бос орнына орналасуға құжаттарды беру**

22.09.2023 жылдан бастап 02.09.2023 жылға дейін жарамды (қоса алғанда)



Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар облысы білім басқармасының
«№ 4 арнайы мектеп-интернаты» КММ бос лауазымға орналасуға
ашық конкурс жариялайды – арнайы ұйымның арнайы педагогы

Жұмыс туралы ақпарат:

аймақ	Павлодар облысы/Павлодар қаласы
жұмыс орны	Павлодар облысы әкімдігі, Павлодар облысы білім басқармасының «№ 4 арнайы мектеп-интернаты» КММ Пошталық мекенжайы: индексі 140008 Павлодар қ., Павел Васильев көшесі 17 Байланыс телефоны: 8 (7182) 676174 (қабылдау бөлмесі) Электрондық пошта: guskshi4@mail.ru
Бос орындар саны	2
Бос лауазымға кандидаттардың құжаттар пакеті:	Конкурсқа қатысушы Педагог «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» бекітілген Қағидалардың 154-тармағына сәйкес электрондық немесе қағаз түрінде мынадай құжаттарды жіберуге тиіс (Тағайындау қағидаларын бекіту туралы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 15 тамыздағы № 259 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 16 тамыздағы № 343 бірлескен бұйрығымен бекітілген мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін қызметінен босату туралы». Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде мынадай құжаттарды электрондық немесе қағаз түрінде жібереді: 1) осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш; 2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін); 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке парақ (нақты тұрғылықты мекен-жайы және байланыс телефондары көрсетілген-бар болса); 4) педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері; 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса); 6) «Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (нормативтік құқықтық актілерді

	мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген); 7) Психоневрологиялық ұйымнан анықтама; 8) Наркологиялық ұйымнан анықтама; 9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса); 12) 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы. 13) ұзақтығы кемінде 10 минут, ең аз рұқсаты – 720 x 480 болатын өтілі жоқ кандидат үшін бейнепрезентация (өзін-өзі таныстыру). 155. Кандидат болған жағдайда оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік Жарияланымдар, біліктілік санаттары туралы құжаттардың көшірмелері) ұсынады. 156. Осы Қағидалардың 154-тармағында көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды кандидатқа қайтару үшін негіз болып табылады.
Арнайы білім беру ұйымының арнайы педагог лауазымына қойылатын талаптар:	
«Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 Бұйрығы (жаңа редакцияда - ҚР Білім Министрінің 07.08.2023 № 249 бұйрығымен)	Параграф 4. Арнайы білім беру ұйымының арнайы педагогы (мұғалім-дефектолог, дефектолог, мұғалім-логопед, логопед, олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог) 144. Лауазымдық міндеттері: Арнайы білім беру ұйымының оқу бағдарламаларын іске асыратын арнайы білім беру ұйымының арнайы педагогы үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес мүмкіндігі шектеулі балалармен жеке, топтық және кіші топтық сабақтар (сабақтар) өткізеді; мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы педагогикалық тексеру жүргізеді және тәрбиеленушілердің ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асырады; даму мүмкіндігі шектеулі балаларда психофизикалық дамудың бұзылуын жеңу үшін жеке оқу, жеке дамыту, түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады және жеке (кіші топтық, топтық сабақтар) өткізеді; мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді; білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асырады; басқа педагогтармен және мамандармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді, білім берудегі инклюзивтілік қағидатын іске асыруға ықпал етеді; басқа педагогтармен және мамандармен тығыз байланыста мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту және әлеуметтендіру жөніндегі қызметті жүзеге асырады; тәрбиешілерге, адамдардың (балалардың) ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне оқыту мен тәрбиелеудің арнайы әдістері мен тәсілдерін қолдану жөнінде кеңес береді; тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен үлгілік оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес оқытудың әртүрлі

нысандарын, білім беру технологияларын, әдістерін, әдістері мен құралдарын пайдаланады;
психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және консультация беру бағдарламаларын (психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар), түзету-дамыту бағдарламаларын (психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері, оңалту орталықтары, аутизм-орталықтар және басқа да орталықтар) іске асыратын арнаулы білім беру ұйымдарының арнаулы педагогы мүмкіндігі шектеулі балаларға арнаулы педагогикалық тексеру жүргізеді;
ерекше білім беру қажеттіліктерін командалық бағалауды жүргізуге қатысады;
психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің, оңалту орталықтарының, аутизм орталықтарының арнайы педагогы білім беру ұйымының жоспары мен кестесі бойынша жеке, кіші топтық және топтық сабақтар өткізеді;
Жеке оқу, Жеке-дамыту, түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлейді және іске асырады және жеке (кіші топтық, топтық сабақтар) өткізеді;
өздерінің кәсіби құзыреттілігін арттырады;
әдістемелік кеңестердің, әдістемелік бірлестіктердің, желілік қауымдастықтардың отырыстарына қатысады;
қоғамның ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға деген толерантты көзқарасын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізеді;
еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау ережелерін сақтайды;
тәрбие процесі кезеңінде балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

145. Білуі керек:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік медициналық-педагогикалық және түзету арқылы қолдау туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері;
өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтердің мемлекеттік стандарттары;
арнайы педагогика;
оқу-тәрбие процесін жобалау және ұйымдастыру негіздері;
арнайы білім беру саласындағы жаңа жетістіктер;
педагогикалық этика нормалары;
еңбек заңнамасының негіздері, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидалары, санитариялық қағидалар.

146. Біліктілікке қойылатын талаптар:

«Арнайы білім» бағыты бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе жұмыс өтіліне талаптар қойылмай, педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат;
және (немесе) біліктіліктің жоғары деңгейі болған жағдайда:
педагог-модератор үшін - кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін – кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші үшін - кемінде 4 жыл, педагог-

шебер мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

147. Кәсіби құзыреттерді айқындай отырып біліктілікке қойылатын талаптар:

1) «педагог»:

дамудағы ауытқуларды барынша түзетуге бағытталған балалардың дамуы мен жай-күйін диагностикалау, психологиялық-педагогикалық қолдау әдістерін; дефектологияның қазіргі заманғы әдістерін пайдалану; арнайы мектепке дейінгі білім беру саласында инновациялық педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, мотивациялық, диагностикалық, дамытушылық, коммуникативтік және әдістемелік қызметті жүзеге асыру; білім беру ұйымының әдістемелік бірлестіктерінің жұмысына қатысу; балалардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жоспарлау және ұйымдастыру; балалардың жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал ету, білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатысу, балалардың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбие мен оқытуда жеке тәсілді жүзеге асыру, кәсіби-педагогикалық диалог дағдыларын пайдалану, цифрлық білім беру ресурстарын қолдану;

2) «педагог – модератор»:

«педагог» біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ: оқушылардың дамуындағы ауытқуларды диагностикалау мен түзетудің заманауи әдістерін қолдану, білім беру ұйымы деңгейінде тәжірибені жинақтау;

3) «педагог – сарапшы»:

«педагог – модератор» біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ: балалардың дамуындағы ауытқулардың алдын алу және түзету әдістері мен әдістерін қолданыңыз; ата-аналармен немесе оларды алмастыратын адамдармен ынтымақтастықты қамтамасыз ету; инновациялық педагогикалық тәжірибені зерделеу және енгізу; ұйымдастырылған оқу қызметін талдау дағдыларын пайдалану, тәлімгерлікті жүзеге асыру және кәсіби дамудың басымдықтарын айқындау: білім беру ұйымы деңгейінде өзінің және әріптестерінің, аудан/қала деңгейінде тәжірибені жинақтау;

4) «педагог-зерттеуші»:

«педагог – сарапшы» біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ: дефектологиялық ғылымның соңғы жетістіктерін пайдалану; арнайы педагогика және психология; оқушылардың қажеттіліктері мен психологиялық-физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қағидаларын сақтай отырып, оқытудың инновациялық технологияларын, әдістері мен тәсілдерін қолдану; қызмет бағыты бойынша басқа ұйымдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету; облыс деңгейінде қызмет бағыты бойынша әдістемелік әзірлемелердің болуы;

	облыс/республикалық маңызы бар қалалар және астана деңгейінде тәжірибе жинақтау үшін тәлімгерлікті жүзеге асыру, бағалау құралдарын әзірлеу және зерттеу дағдыларын пайдалану; психологиялық-педагогикалық басылымдарда жарияланымдардың болуы; 5) «педагог-шебер»: «педагог – зерттеуші» біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ: арнайы педагогиканың жаңа жетістіктерін пайдалану; педагогикалық зерттеудің негізгі әдіснамалық принциптерін басшылыққа ала отырып, өзінің кәсіби қызметінің рефлексиясын жүзеге асыру; кәсіби даму траекториясына сәйкес өзін-өзі оқыту дағдыларына ие болу; авторлық бағдарламаның болуы немесе облыстық оқу-әдістемелік кеңесте және РОӘК-те мақұлданған жарияланған бағдарламалардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болуы; облыс деңгейінде тәлімгерлікті жүзеге асыру және әлеуметтік педагогтердің кәсіптік қоғамдастығы желісін дамытуды жоспарлау, білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен республикалық және халықаралық кәсіптік конкурстарға қатысушы болу.
Еңбекақы	1 ставка=16 сағат (еңбек мөлшері мен шарттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына (жаңа редакцияда-ҚР Үкіметінің 2022.10.26 № 850 қаулысымен, Үкіметтің 22.02.2023 жылғы № 149 қаулысымен енгізілген) «Азаматтық қызметшілерге, ұйымдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» сәйкес айқындалады. Мемлекеттік бюджет қаражаты, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің»)